

41 Зорлық-зомбылық қылмыстылығының және бұзақылықтың криминологиялық сипаттамасы

1 Түсінігі мен жалпы сипаттамасы

Зорлық-зомбылық қылмыстылығы және бұзақылық

Жалпы ережелер

Зорлық-зомбылық қылмыстылығының басым бөлігін қасақана адам өлтіру, денсаулыққа қасақана жарақаттар салу, азаптау, зорлау, қарақшылық, күш қолданып тонау және күш қолданумен ұштасқан бұзақылық құрайды. Олардың жай-күйі, динамикасы тұтас алғанда зорлық-зомбылық қылмыстылығын сипаттайды.

Бұзақылықты зорлық-зомбылық қылмыстарымен бірге қарастыру олардың себептерінің, тәсілдерінің, нақты жағдайларының, қылмыскердің жеке басының ерекшеліктеріндегі ұқсастықтармен байланысты. Көптеген зорлық-зомбылық қылмыстарының бұзақылық ниетпен жасалатынын ескеру қажет

Зорлық-зомбылық қылмыстылығы қоғамға қауіптілігі және зардаптары бойынша басқа қылмыстылықтардан асып түседі, қоғамға орасан зор зиян келтіреді. Мұндай қылмыстылықты жасайтын тұлғалар тұрмыста және бос уақытты ұйымдастыруда агрессивті-зорлықшыл мінез-құлқымен ерекшеленеді. Қылмыстық мінез-құлықтың осындай көріністері қоғам тарапынан барынша теріс бағаланады

Қылмыстылықтың талданып отырған түрін криминологиялық елеулі топқа біріктірудің негіздері:

Қылмыскер қолданған **тәсілдер** - адамға қарсы тікелей күш қолдану немесе оны қолдану қаупін төндіру

Кінә нысаны - қасақаналық

Қылмыстық қол сұғушылық объектісі - тұлғаның жеке басының мәртебесі

2 Зорлық-зомбылық қылмыстылығының және бұзақылықтың деңгейі, құрылымы және динамикасының жалпы сипаттамасы


Зорлық-зомбылық қылмыстылығының және бұзақылықтың деңгейі

Осы топтағы қылмыстылықтың үлес салмағы жалпы қылмыстылықтың 20 пайызына жуығын құрайды.

Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстанда өткен ғасырдың 1970-1980 жылдарында қасақана адам өлтіру, денсаулыққа қасақана жарақаттар салу, зорлау қылмыстылығы - 60 пайызға, ал қарақшылық пен тонау - екі есеге дейін өршіп кетті. 80-ші жылдардың ортасына қарай зорлық-зомбылық қылмыстарының өсімі тоқтатылды.

Еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында қылмыстылық деңгейі қайта артты. Қасақана адам өлтіру және денсаулыққа қасақана жарақаттар салу қылмыстарының деңгейі 1994-1995 жылдары үш есеге дейін өсті. 2000 жылға қарай қасақана адам өлтіру, денсаулыққа қасақана жарақаттар салу, зорлау, тонау және қарақшылық қылмыстылығы едәуір төмендеп, қазіргі уақытты бірқалыпты деңгейін сақтап отыр.

Зорлық-зомбылық қылмыстылығының және бұзақылықтың құрылымы мен динамикасы



Ұзақ уақыт бойы қасақана адам өлтіру және денсаулыққа қасақана жарақаттар салу фактілерінің 2/3 жеке бастың араздығынан тұрмыстық жағдайларда жасалып келді. 1990-шы жылдардың басында пайдакүнемдік және өзге де ниеттермен адам өлтіру есебінен бұл көрсеткіш төмендеді. Осы уақытта тапсырыс бойынша адам өлтіру қылмысының үлесі артты. Оның жәбірленушісіне көп жағдайда кәсіпкерлер, қылмыстық топтардың басшылары айналып отырды.

Жұмыстан тыс уақытта және тұрмыста **бұзақылық ниеттегі** зорлықшыл қылмыстылық - өзінің жүріс-тұрысын қоғамдағы қалыптасқан тәртіпке ашықтан-ашық қарсы қоюға, күш қолдануға ұмтылу - кең таралған. Бұзақылық ниетпен адам өлтіру фактілерінің 20 пайызы, денсаулыққа қасақана жарақат салу фактілерінің 30 пайызы жүзеге асырылады.

Маргиналды (әлеуметтік тұрақсыз) топтар арасында жеке адамға қарсы **ауыр және аса ауыр қылмыстардың** саны артып келеді. Олар зорлық-зомбылық қылмыстарын кек алу, жанжал, басқа қылмыстың ізін жасыру мақсатында жүзеге асырады.

Жеке адамға қарсы аса қатыгездікпен жасалатын қылмыстардың үлесі артуда. Көпшілік жағдайда олар ерекше арсыздықпен, садизммен, қорлаушылықпен ұштасып жатады.

Зорлық- зомбылық көрсетушілер арасында *қайталап қылмыс жасаушылардың* үлесі артуда. Қазіргі уақытта адам өлтірушілердің 1/3 қайталап қылмыс жасағандар болса, денсаулыққа ауыр жарақаттар сағандардың арасындағы үлесі 30 пайызға дейін жетіп отыр.

Адамның жыныстық бостандығына қол сұғушылықпен ұштасқан адам өлтіру фактілері де жиі кездеседі. Бұл қылмыстылық түрі қылмыскер тұлғасының ерекше арсыздығын, қатыгездігін және адамгершіліктен жұрдай болғандығын көрсетеді.

Есі дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасында ауытқушылықтары бар адамдардың жасаған қылмыстарының да саны артып отыр. Бұл құбылыс ішімдікке салыну фактілерінің және нашақорлықтың артуымен байланыстырылады.

Құқық қорғау органдары қарақшылық шабуыл жасау, бандитизм, қорқытып алушылық қылмыстарын тергеу кезінде ұйымдасқан қылмыстық топтар, қылмыстық ұйымдармен жиі ұшырасуда. Мұндай топтардың өзіндік белгілері: мамандануы, қарулануы, қылмыстық актілерді аса ыждағатпен жоспарлауы, оларды жүзеге асырудағы ерекше айлакерлігі және т.б.